



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 қараша N 1436

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1993 жылғы 14 ақпанда Каир қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы ақпарат саласындағы ынтымақтастық туралы хаттама бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы
ақпарат ынтымақтастығы туралы
ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі,
екі ел арасындағы ақпарат ынтымақтастығының нығаюы екі халықтың мүдделеріне сай келеді деп есептей отырып,

телерадио хабарларын тарату екі халық арасындағы өзара түсіністікті нығайтуда зор роль атқаратындығына үлкен маңыз бере отырып,
мына төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Тараптар екі Тараптың әрқайсысының өмірінің, мәдениеті мен дінінің әр түрлі жақтарын бейнелейтін, сондай-ақ екі Тараптың әрқайсысының көрікті жерлерін баяндайтын телевизия және радио бағдарламаларын алмасады;

Тараптардың материалдары мен бағдарламалары өзаралық негізінде тегін беріледі;

табыс етуші Тарап авторлық хұқықтар үшін өзіне жауапкершілік алады және олардың жеткізілуіне жұмсалатын шығынды өтейді;

бағдарламалар мен материалдар үшінші Тарапқа берілмейді және коммерциялық мақсатта пайдаланылмайды, сондай-ақ осы бағдарламаларды бағыттаушы Тараптың күні бұрын берген жазбаша рұқсатынсыз бағдарламаларды қандай да бір қысқартуға, түзетуге, өзгертуге жол берілмейді.

2-бап

Тараптар радио мен теледидар саласында екі ел арасындағы

ынтымақтастықты дамыту мақсатына байланысты осы саладағы басшылар мен мамандардың сапарларын алмасуға жәрдемдеседі. Жолдаушы Тарап барыс-келістің шығынын өтейді, ал қабылдаушы Тарап өз еліндегі жалғасу және жүріп-тұру шығындарын өз мойнына алады.

3-бап

Тараптар әрбір жеке жағдайда күні бұрын хабардар ету арқылы екі Тараптың заңдарына сәйкес радио мен теледидар тілшілеріне жеңілдіктер беру үшін қажетті жәрдем көрсетуде ынтымақтасады.

4-бап

Тараптар барлық ақпарат салаларында зерттеулердің ғылыми-техникалық жетістіктерімен алмасады. Тараптар екі мемлекеттің қазіргі ережелері мен тәртібіне сәйкес кадрларды даярлау саласында және оқытудың басқа салаларында ынтымақтастық жасайды.

5-бап

Тараптардың қалауы бойынша, арнаулы шартқа сәйкес ғарыштағы және жер бетіндегі техникалық құралдардың көмегімен бір Тараптың телебағдарламаларын екінші Тараптың территориясында қабылдауды қамтамасыз ету қарастырылады.

Қажет болған жағдайда Тараптар жер бетіндегі арнаулы қабылдағыш станцияны

орнату және құрастыру үшін техникалық мамандармен алмасады.

6-бап

Тараптар екі мемлекеттің де территориясында ақпарат бюроларын ашуға, екі елдің бұқаралық ақпарат құралдары арасында ынтымақтастықты үйлестіру үшін жәрдемдеседі.

7-бап

Тараптар екі Тараптың әрқайсысының өмірдің әр түрлі салаларындағы жетістіктерін бейнелейтін баспа бұйымдары, көркемдік көрмелер құжатты фильмдерді көрсету арқылы екі ел халықтарының өзара ынтымақтастығын кеңейту мақсатымен ақпарат апталарын өткізуге жәрдемдеседі.

Тараптар тиісті ұйымдар арасында күні бұрын жасалған өзара

уағдаластық бойынша екі елдің әрқайсысында белгілі мерзімдерде Қазақстан және Египет фильмдерінің апталықтарын өткізетін болады.

8-бап

Осы Хаттаманың ережелері Тараптардың өзара келісімі бойынша толықтырылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

Осы Хаттаманы түсіндіруге және қолдануға қатысы бар даулар келіссөз арқылы шешілуге тиіс.

9-бап

Осы Хаттама Тараптардың заңдарында қарастырылған белгілі процедураларды орындаған соң күшіне енеді.

10-бап

Осы Хаттама 5 жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың бірде-біреуі оның қолданыста болуы мерзімінің бітуінен кемінде алты ай бұрын оны бұзғысы келетіні туралы жазбаша ескерту арқылы мәлімдемесе, ол қолма-қол жаңа мерзімге ұзартылады.

1993 жылы 14 ақпанда Каир қаласында әрқайсысы қазақ және араб,

ағылшын тілдерінде үш дана болып жасалды және барлық тексттің күші бірдей.

Осы Хаттаманы түсінуге байланысты алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі текст қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Египет Араб Республикасының
Үкіметі үшін

Сыртқы істер министрі

Ақпарат министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.